

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№7 хаттамасы

Түркістан қаласы

17.03.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау
2. Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысын талқылау
3. 2024-2025 оқу жылында көктемгі аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту
4. Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын іске асыруды ұйымдастыру туралы
5. Әр түрлі мәселелер
- 5.1 Студенттер арасында республикалық пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстары.

1-мәселе бойынша: Факультет деканы С.Абжалов сөз алып, Білім беру бағдарламалары (ББ) бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалар нәтижелерін талқылады. Талдау барысында бітірушілердің көпшілігі оқу бағдарламасының мазмұнын қазіргі еңбек нарығы талаптарына сай деп бағалағаны айтылды. Сонымен қатар, практикалық сабақтардың үлесін арттыру, заманауи оқыту технологияларын кеңінен қолдану қажеттілігі де атап өтілді.

2-мәселе бойынша: Факультет деканы Теология факультетінің оқытушы-профессорлар құрамының әдістемелік семинарларға қатысу белсенділігін талқылап, кәсіби дамуға бағытталған семинарлар мен тренингтерге қатысудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Әр кафедраға әдістемелік тәжірибе алмасу, инновациялық оқыту әдістерін енгізу бойынша жоспар құру тапсырылды.

3-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева сөз алып, Теология факультетінің бағдарламалық және институционалдық аккредитацияның постмониторинг жұмыстарының іске асырылу барысы туралы баяндады. Мониторинг барысында анықталған көрсеткіштер мен ұсыныстар негізінде факультет бойынша сапаны қамтамасыз ету жұмыстары жүйеленіп келе жатқаны айтылды. Кафедра меңгерушілері PhD., Д.Шауенов және PhD., Ф.Камалова өз кафедралары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды түсіндіріп өтті. Атап айтқанда, оқу-әдістемелік құжаттардың жаңартылуы, оқытушылардың кәсіби даму жоспарларының орындалуы және студенттердің білім нәтижелерін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар атап өтілді. Факультет ұжымына аккредитация талаптарын орындауда бірлескен әрі жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігі ескертілді.

4-мәселе бойынша: Факультет деканы С.Абжалов сөз алып, студенттер арасында республикалық пәндік олимпиадаларға дайындық жұмыстарын ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Ол пәндік олимпиадалар студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және факультет беделін арттыруға зор мүмкіндік беретінін айтты. Кафедра меңгерушілеріне студенттерді олимпиадаға іріктеу және дайындау бойынша жауапты тұлғаларды бекіту, дайындық жоспарын әзірлеу тапсырылды. Сондай-ақ, дарынды және үздік білім алушылармен тұрақты түрде қосымша сабақтар, тренингтер мен ғылыми семинарлар өткізу қажеттілігі айтылды.

5-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер): Факультет деканы С.Абжалов сөз алып, оқушылар арасында өтетін олимпиадаға дайындық жұмыстарын және кәсіби бағдар беру іс-шараларын ұйымдастыру туралы нақты тапсырмалар берді. Әр кафедраға өз бағыты бойынша мектептермен байланыс орнатып, «Ашық есік күндері», таныстырылымдар мен насихат жұмыстарын жүргізу міндеттелді. Сонымен қатар, оқушылар арасында факультеттің білім беру бағдарламаларын таныстыру, теологиялық білімнің қоғамдағы ролін түсіндіру және талапкерлердің қызығушылығын арттыру бойынша белсенді ақпараттық жұмыстар атқару қажеттігі атап өтілді.

Шешім:

1. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдансын;
 2. Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысы назарға аланып, тиісті жұмыстары жүргізілсін.
 3. 2024-2025 оқу жылында көктемгі аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту
 4. Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын іске асыруды ұйымдастырылып, уақытында орындалсын.
 5. 2025 жылдың 22-23 сәуірінде Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Теология факультеті ұйымдастыруымен 11-сынып оқушылары арасында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінен VIII Республикалық «Дінтану және Теология» пәндік олимпиадасы ұйымдастырылсын.
- Әр кафедра тиісті ББ бойынша Кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілсін

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай